



**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

**Қосымша білім беру бағдарламасының  
ПАСПОРТЫ**

**«Мемлекеттік тілде іс-қағаз жүргізу»**

№	Өріс атауы	Ескерту
1	Қосымша білім беру бағдарламасының атауы	Мемлекеттік тілде іс-қағаз жүргізу
2	ББ түрі	Міног қосымша бағдарлама
3	ББ мақсаты	Студенттердің сөйлеу мәдениеті туралы алған білімдерін жетілдіру. Оқу - танымдық бағдарлы құзыреттілігін арттыру мақсатында ситуациялық сұрақ, дидактикалық ойындарды студенттерге ұсыну;
4	ХҚКО бойынша деңгей	6
5	ҰБК бойынша деңгей	6
6	СБШ бойынша деңгей	6
7	ОП-ның айрықша ерекшеліктері	-
8	Серіктес ЖОО Бірлескен ББ)	-
9	Құзыреттер тізімі	<p>К1 Шығармашылық қызметтің теориялық негіздері, шығармашылық психологиясы саласындағы білімдерді меңгеру;</p> <p>К3 Кәсіби қызметті қайта-қарау, білім берудегі авторлық жаңашылдық идеяларды іске асыру;</p> <p>К4 Стандартты емес және альтернативті шешім таба білу біліктері мен дағдыларын меңгеру, сыни тұрғысыдан ойлауға, жаңа педагогикалық идеяларды генерациялауға қабілетті болу;</p> <p>К5 Жоғары орындаушылық тәртібі мен ұйымдастырушылық қызметті жүзеге асыруға қабілетті болу;</p> <p>К6 Кәсіби абырой мен педагог қадір-қасиетін, сондай-ақ педагогикалық этика нормаларын сақтау, педагог мамандығының әлеуметтік маңыздылығын ұғыну, балалардың азаматтық құқықтарын құрметтеу;</p> <p>К7 Кешенді филологиялық зертеулер аясында салалық, аймақтық, ұлттық және іргелі мәселелерді білу;</p> <p>К8 Іскерлік коммуникация дағдылары мен этикасын меңгеру;</p> <p>К9 Білім берудің түрлі саласындағы міндеттерді жүйелі шешуге бағытталған іргелі ғылыми және ғылыми-практикалық инновациялық зерттеулер туралы білу;</p> <p>К8 Іскерлік коммуникация дағдылары мен этикасын меңгеру.</p>
10	Оқыту нәтижелері	<p>ОН 1 - осы саладағы неғұрлым алдыңғы қатарлы элементтерді қоса алғандағы оқыған саласы бойынша білімі мен түсінігін көрсету;</p> <p>ОН 2 - аталмыш білімдері мен түсінігін кәсіптік деңгейде қолдану;</p> <p>ОН 3 - дәйекті тұжырымдау және оқыған саласындағы мәселелерді шешу;</p> <p>ОН 4 - коммуникативтік қабілеттер (әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдаулар жасауға қажет ақпараттарды жинау және баға беру);</p> <p>ОН 5 - мамандарға, сондай-ақ маман еместерге мәселелер мен шешімдерді, идеялар мен ақпараттарды жеткізуді қарастырады.</p>
11	Оқыту түрі	күндізгі
	Оқыту тілі	қазақша
12	Кредиттер көлемі	15
13	Пәндер туралы мәліметтер	<i>1 Қосымша</i>

№	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптасқан нәтижелер (коды)
<b>Міндетті компонент</b>				
1	«Нормативті қазақ тілі»	<p>«Нормативті қазақ тілі» пәні білімгерлердің осы курсты игеру барысында алған білімдерін ары тереңдеті түседі. Тіл мәдениетінің ең өзекті мәселесі – тілдік норма. «Нормативті қазақ тілі» курсының негізгі жеке зерттеу нысаны – осы тілдік норма мен оның кодификациясы. Мұнда тілдік нормаға анықтама беріледі, оның меже-белгілері, түрлері көрсетіледі, қазақ әдеби тілінің нормативтік негіздері айқындалады, қалыпқа түскен нормалар реттеліп, жинақталып хатқа түсуі (кодификациясы), оның теориялық-практикалық негіздері әңгіме болады. Тілдік нормадан уәжді-уәжсіз ауытқулар тіл мәдениетіндегі күрделі де маңызды мәселе деп қаралып, оның түрлері мен себептері көрсетіледі. «Нормативті қазақ тілі» курсына лексикалық, грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық нормалар баптарға бөлініп, ереже түрінде көрсетілмейді, тілдің әр қабатындағы әдеби нормаларының түрлері, олардың қиын, күрделі тұстары талданады. Тіл мәдениеті, ең алдымен, әдеби нормаға тікелей қатысты. Тіл мәдениетінің өзегі – норма туралы ұғым. Норма тілдің жүйесі мен құрылымына сүйенеді. Тілдік жүйе дегеніміз – тілде бар үлгілердің, қолданыс типтерінің белгілі бір тәртіппен келуі, ал тілдік құрылым-осы жүйенің іске асқан материалдық мүмкіндіктері.</p>	5	ОН 1, ОН 3, ОН 4
2	Редакциялау және стилистика	<p>«Стилистика және әдеби редакциялау» – болашақ журналистерді дайындау бағытындағы ең маңызды практикалық дәрістердің бірі. Бұл тіл, стилистика пәндеріне қатысты курстарды толықтырады. Мақсаты – болашақ газет, баспа, радио және телевизия мамандарына БАҚ-та жариялауға арналған қолжазбаларды талдау және редакциялау әдіс-тәсілдерін үйрету. Осы мақсатта жұмыс істейтін редактордың міндетіне мыналар енеді: тақырыпқа баға беру, тақырып мазмұнын анықтау, шығарма композициясындағы кемшіліктерді жою арқылы логикалық байланыстарды түзету. Студент әдеби редактордың кәсіби шеберлігін игере отырып, қазіргі қазақ тілі мен практикалық стилистика негіздеріне ден қояды, тіл мәдениетін қалыптастыруға машықтанады. Шығармашылықпен айналысып жүрген қайсыбір адамға да, оның ішінде журналистер де бар, өз ойын еркін жеткізіп, жазып отырған мәселесіне байланысты тиісті қорытындылар</p>	5	ОН 2, ОН 3

		шығару үшін және ғылыми немесе саяси құжатқа, мақала мен заметкаға, қысқасы, кез келген баспасөз материалына әдеби форма беру үшін редакциялау процесін жақсы білу керек.		
3	Академиялық жазу	<p>Бұл пәннің мақсаты – «Академиялық жазу» пәні академиялық мәтіндерді (эссе, ғылыми жоба, абстракт, пікір, аңдатпа және т.б.) жазудың әдістемелік және әдіснамалық мәселелерін қамтиды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған материалдар жинақтауды қамтиды. Ғылыми жоба жазу барысы шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөлінеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) алдын ала кезең;</li> <li>2) жұмысты жазу мен рәсімдеу;</li> <li>3) жобаны қорғау.</li> </ol> <p>Бұл кезеңдер теориялық және практикалық материалдың мазмұны мен баяндау логикасын анықтайды. Таным техникасы мен оның жекелеген тәсілдеріне негізделген жалпы ережелер мен әдістерді, кәсіби оқылымды, академиялық жазу мен ауызша таныстыру дағдыларын меңгерту.</p> <p>Академиялық оқылым мен жазылым дағдыларын дамыту (ғылыми-кәсіби мәтіндердің тілі мен құрылымын зерттеу, конспектілеу, рефераттар, пікірлер, тезистер жазу, ғылыми талдау нәтижелерімен таныстыру, ғылыми-кәсіби мәтіндерді оқу);</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Студенттердің сөздік қорын академиялық лексикада қолданылатын ғылыми-кәсіби ортаға тән тілдік оралымдармен арттыру;</li> <li>• Ғылыми-кәсіби пікірталастарға түсу дағдыларын дамыту және кәсіби бағдарланған жобаларды таныстыру;</li> <li>• Өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.</li> </ul>	5	ОН 3
<b>Барлығы: 15 кредитов</b>				